



## Қазақстанда зейнетақы мен жәрдемақы мөлшері өсті

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақылар мен базалық зейнетақы төлемдерінің барлық түрінің мөлшері ҚР Ұлттық Банкі айқындайтын инфляцияның болжамды деңгейіне сәйкес 6,5%-ға, ынтымақты зейнетақы 8,5%-ға, яғни инфляция деңгейінен 2%-ға ұлғайтылды.

Бұдан басқа Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылдан бастап бес жыл ішінде ең төмен базалық зейнетақының ең төмен күнкөріс деңгейінің 70 %-на дейін, ең жоғары – 120 %-ға дейін жыл сайын кезең-кезеңімен арттыру жүзеге асы-

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақылардың ұлғаюының бірнеше үлгісі:

1, 2, 3 бала туғанда берілетін жәрдемақы 140 296 теңгеден 149 416 теңгеге дейін, 4 және одан да көп бала туғанда берілетін жәрдемақы – 232 596 теңгеден 247 716 теңгеге дейін ұлғайды;

мөлшері балалар санына байланысты берілетін көпбалалы отбасыларға арналған жәрдемақы 4 баласы бар отбасылар үшін 59 183 теңгеден 63 030 теңгеге дейін, 10 баласы бар отбасылар үшін – 147 680 теңгеден 157 280 теңгеге дейін артты;



рылады.

Мәселен, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақының ең төмен мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің 65%-нан 70%-ға дейін ұлғайтылды, бұл 32 360 теңгені құрап, оның ең жоғары мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінен 105-тен 110%-ға дейін арттырылып, 50 851 теңгені құрайды.

Мысалы, 2019 жылы зейнеткерлікке шыққан 69 жастағы зейнеткердің 2024 жылы бюджеттен төленетін зейнетақы мөлшері 156 856 теңгені құрады, оның ішінде базалық зейнетақы төлемі – 45 578 теңге, ынтымақты зейнетақы – 111 278 теңге. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап өсімді ескере отырып, осы зейнеткер үшін зейнетақының жалпы сомасы 171 588 теңгеге дейін ұлғайды, оның ішінде базалық зейнетақы – 50 851 теңгені, ынтымақты зейнетақы – 120 737 теңгені құрады. Аталған сомаларға БЖЗҚ-дағы төлемдер кірмейтінін атап өту маңызды.

I топ мүгедектігі бар адамдарға арналған жәрдемақы 95 496 теңгеден 101 702 теңгеге дейін, II топ – 76 397 теңгеден 81 362 теңгеге дейін, III топ – 52 089 теңгеден 55 474 теңгеге дейін өсті.

Сондай-ақ, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – МӘСҚ) асыраушысынан айырылу және еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша төлемдер мөлшері 6,5 %-ға артты. Аталған төлемдер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға бюджеттен берілетін мемлекеттік жәрдемақыларға қосымша жүзеге асырылады.

Төлемдердің мөлшері жеке санаттарға және келесілерге байланысты болады: соңғы 2 жылда МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық табыс, еңбекке қабілеттілігінен айырылу коэффициенттері, асырауындағы адамдар саны, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі және табысты алмастыру.

«Созақ үні»-ақпарат.



## Президент Әлихан Байменовті қабылдады

Мемлекет басшысы Астана мемлекеттік қызмет хабы Басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменовті қабылдады.

Әңгімелесу барысында әлемдегі мемлекеттік басқарудың даму үрдістері мен доктриналары талқыланды.

Астана мемлекеттік қызмет хабының жетекшісі мемлекеттік басқару саласының

тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жергілікті атқарушы биліктің қазыреттерін кеңейту мәселелері жөнінде ой-пікірін жеткізді. Сонымен қатар Әлихан Байменов V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қазақтың ұлттық спорты – тоғызқұмалақтың танымалдылығын арттыруға ерекше ықпал еткенін айт-

ты.

Президент Астана мемлекеттік қызмет хабы елімізде жүргізіліп жатқан реформаларға тұрақты сараптамалық қолдау көрсетіп келе жатқанын атап өтіп, айтылған ұсыныстар бойынша тиісті мемлекеттік органдармен тығыз жұмыс істеуді тапсырды.

## Картопты үшінші елдерге әкету 6 айға шектелді

Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша Ауыл шаруашылығы, Сауда және интеграция министрліктері елдегі картоп нарығындағы қалыптасқан ахуалға тұрақты түрде бақылау жүргізіп жатыр.

Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлағандай, көрші елдердің, әсіресе Өзбекстан тарапынан сұраныстың артуына және экспорттық бағаның жоғары болуына байланысты биыл картоп экспорты 1,5 есеге, яғни 411 мың тоннадан 605 мың тоннаға дейін өсті. Картопқа деген аса жоғары сұраныс ішкі нарыққа әсер еткенін атап өтілді. Мәселен, соңғы аптада экспортқа бағытталған өндірушілер арасында бағаның күрт өсуі (170 теңгеден 270 теңгеге дейін) тіркелді.

«Осыған байланысты, ішкі нарықтағы картоп бағасын тұрақтандыру мақсатында 2025 жылғы 18 қаңтарда өткен Сауда қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында картопты үшінші елдерге әкетуді 6 ай мерзімге шектеу туралы шешім қабылданды. Бұл шара ЕАЭО елдеріне қолданылмайды, алайда бұл бағыттағы экспортқа бақылау жүргізіледі. Сонымен қатар қалыптасқан жағдайды ескере отырып, биылғы 16 қаңтарда экспортқа фитосанитариялық сертификаттар беру толығымен тоқтатылды», делінген хабарламада.

Қабылданған шаралар картоп бағасының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, бағаның негізсіз өсуіне жол бермеуге және нарыққа қатысушылар тарапынан алыпсатарлық әрекеттерге жол бермеуге бағытталған.

Сондай-ақ Сауда және интеграция ми-



нистрлігінің аумақтық органдары монополияға қарсы органның аумақтық бөлімшелерімен бірлесе отырып, жағдайға күшейтілген қадағалау жүргізеді және сауда қызметі мәселелері бойынша қолданыстағы заңнаманы бұзған жағдайда олар нарыққа қатысушыларға шұғыл ықпал ету шараларын қабылдайды.

ҚР АШМ деректері бойынша, бүгінгі таңда қолда бар қорлар 2025 жылғы ерте егін жинау науқанына дейін ішкі қажеттілікті толық жабу үшін жеткілікті. 19 қаңтардағы жағдай бойынша қорлар сауда желілеріндегі қорларды есепке алмағанда 850 мың тоннадан асады (картоп өсірушілер қауымдастығы бойынша 600 мың тонна, тұрақтандыру қорларындағы 68 мың тонна, жеке қосалқы және шағын шаруашылықтардағы жертелелерде 200 мың тоннадан астам).

# Партиялық бақылау

“AMANAT” партиясы Созақ аудандық партиялық бақылау комиссиясына Шолаққорған ауыл тұрғындары тарапынан аудан орталығындағы мектептердің жылу жүйесінің нашарлығына байланысты ауызша хабарланған болатын. Осыған орай, аудандық партиялық бақылау комиссиясының

лып мектеп коридорына жылу беруді қамтамасыз етуді қолға алуда. Сонымен бірге оқу кабинеттері 18-20 градусты температураны көрсетіп тұрғаны анықталды. Ә.Молдағұлова атындағы ЖОМ-нің бастауыш сыныптар блогына “Созақ ауданының психологиялық-педагогикалық түзету каби-



төрағасы Берік Тұрғанбаев, комиссия мүшелері Нұржамал Майусова, Ербол Ержігітов бастаған комиссия мүшелері Ә.Молдағұлова атындағы ЖОМ, А.Сүлейменов атындағы ЖОМ, Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп лицейі директорларының қатысуымен мектептің жылылығын бақылау мақсатында мониторинг жүргізді. Мониторинг барысында Ә.Молдағұлова атындағы ЖОМ-нің жылу қазандығындағы үрлеу қозғалтқышының күйіп кетуіне байланысты біршама уақыт жөндеу жұмыстары жүргізілген уақытта білім ошағында салқын болғандығы анықталды. Қазіргі таңда жөндеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде жылыту құрылғысы толық іске қосылған. Мектепке қосымша жылыту қондырғылары алынып, мектептің кіре берісіне орнаты-

неті” орналастырылған. Аталған мекеменің ата-аналардың күту залында қосымша жылу құралдары арқылы жылытылып отырғандығы анықталды. Сонымен қатар, А.Сүлейменов атындағы ЖОМ мен Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп лицейінде жылу жүйесінің қалыпты жұмыс істеп тұрғандығы оқу бөлмелерінің 18-20 градусты тұрғандығы анықталды. Дегенмен, барлық көрсетілген білім беретін мекемелердегі от жағушылар тарапынан көмір сапасының төмен екендігі айтылды. Тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау басты мақсат екендігі туралы мектеп басшыларына комиссия тарапынан ұсыныстар айтылды.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**

## ЖАЗА ҚАТАҢ!

Мемлекеттік рәміздер – әр ұлттың қастерлі құндылықтарының бірі. Азаматтар кейде білместіктен, кейде қасақана ұлттың рәмізіне залам келтіріп жатады. Бұл орайда елімізде 2023 жылы жаза қатаңдатылған-ды.

Қылмыстық Кодекстің 372-бабына сәйкес: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қорлау – үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не тоғыз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 458-бабына сәйкес: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін заңсыз пайдалану, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып пайдалану және орындау – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Осы әрекет бір жыл ішінде тағы қайталанса – айыппұл екі еселенеді!

Сондықтан да ұлтымыздың рәміздеріне әрдайым құрметпен қарап, құқық бұзушылықтарға жол бермейік!

**Жандос НАРГОЗИН.**

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Жуантөбе ауылына арнайы барып, су тасқынының алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар мен осы мәселеге қатысты жауаптыларға жүктелген тапсырмалардың орындалу барысын бақылауға алды. Сонымен қатар, жауапты мамандарға жұмыс барысын одан әрі ширатып, белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Ауыл қарияларымен тілдесіп, ұсыныстарын тыңдады. Осы жылы ауылда қосымша атқарылуы тиіс жұмыстарды бірлесе талқылады.

Айта кету керек, қазіргі уақытта Шу өзенінің суы



## СУ ТАСҚЫНЫ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ

жылдағыдан ерте және көп мөлшерде келіп жатқандығы анықталып, Шу өзені бойындағы ауылдарда су басу қауіпін болдырмау үшін тиісті жұмыстар қарқынды

түрде атқарылуда.

Жуантөбе ауылындағы Шу өзені арнасының солтүстік бетінде орналасқан ескі бөгет қайта жаңартылып, қалыпқа келтірілуде. Аудан-

дық коммуналдық мекемелер мен өндіріс орындарынан 14 дана ауыр техникалар жымылдырылып, 2 шақырымнан астам бөгет жаңартылуда.

## Тасқынға қарсы бөгет жұмыстары



Шу өзені су тасқынынан алдын алу мақсатында жаңа жылдың алғашқы жұмыс күнінде дайындық жұмыстары жүргізіліп, 6-қаңтардан бөгет көтеру жұмыстары басталған болатын.

Жұма күні аудан әкімінің орынбасары Оразов Қалдыбек Әбілдаұлы келіп, атқарылған жұмыс барысымен танысты.

Жуантөбе ауылының Шу өзені арнасы жүретін солтүстік бетінен бөгет көтеруге аудандық коммуналдық мекемелерден 8, өндіріс орындарынан 6, барлығы 14 арнайы ауыр техника жымылдырылып, 13 күн үздіксіз жұмыстар қарқынды жүргізіліп, бітіп отыр.

## АТҚАРЫЛҒАН ШАРУАЛАР ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Су тасқынының алдын алу мақсатында 2025 жылдың алғашқы жұмыс күндерінен бөгет көтеру жұмыстары басталған. Жуантөбе ауылындағы Шу өзені арнасының солтүстік бетінде орналасқан ескі бөгетті көтеру мақсатында аудандық коммуналдық мекемелер мен өндіріс орындарынан 14 дана ауыр техника жымылдырылды. Бүгінде 2 апта үздіксіз қарқынды жүрген жұмыстың нәтижесінде 2 шақырымнан астам бөгет көтеру жұмыстары аяқталды.

Аудан әкімінің орынбасары Оразов Қалдыбек Әбілдаұлы аудан әкімінің тапсырмасымен арнайы келіп, атқарылған жұмыс қорытындысы бойынша жиын өтті. Жиында ел қауіпсіздігі үшін жасалған ауқымды тірлікке атсалысқан барша мекемелерге, көлік жүргізуші машинисттерге, ел болып атсалысып жатқан ауыл халқына алғыс айты.

Жұмыс барысына өздерін кәсіби маман ретінде көр-



сетіп, белсене қатысқан еріктілігі үшін ауыр техника машинистерін (көлік жүргізушілерді) аудан әкімінің және ауыл әкімінің алғыс хаттарымен марапаттап, сый-сияпат жасады.

Ауыл әкімі Абраев Дәуіржан Жолдасұлы, ауыл қариясы, Созақ ауданының Құрметті азаматы Сығалайұлы Әбдіразақ, ардагерлер кеңе-

сінің төрағасы Жақсыбек Аамандық, мекемелер атынан мектеп директоры Сейітқазиева Бақыткүл аудан басшылығына, өндіріс орындарына, марапатталған ауыр техника машинистері мен барша атсалысқан жандарға алғыс айтты.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**

Өздеріңіз білетіндей, газетіміздің алдыңғы санында Созақ ауданында соңғы үш жылда атқарылған соны істер жайында жазған болатынымын. Әрине, өткен үш жылда атқарылған ілкімді істерді өздеріңізде күнделікті өмірде өздеріңіз де естіп- көріп, біліп жүрсіздер. Тіпті, жылына екі рет өтетін Созақ ауданы әкімінің өңір-өңірлерді аралап, халыққа беретін есебінен де хабардарсыздар. Дегенмен, жұртымыздың жадында жаңартып, қамтылмай қалған мәселер болса, біле жүрсін деп жазып отырған бұл мақаламыз артықтық етпес. Ендігі жерде алдағы, 2025 жылы атқарылатын жұмыстар жайлы жазатын боламыз. Сонымен, қазақша жыл санаумен жаңа кіріп жатқан жылдан жылында аудан әкімдігі тарапынан атқарылғалы отырған жұмыстардың жайы мынадай:



Nikon D3500, 38mm, f/9

## Шу өзені суы Шу ауылына жақындап қалды

Өткен 2024 жылдан биылғы 2025 жылға өтпелі болып отырған жұмыстардың бірі Созақ ауданына Шу өзені суын келтіру жұмыстары болатын. Бұл жайында мен аудандық «Созақ үні» газеті менен «SozaqNews» тің әлеуметтік желілердегі парақшаларында бірнеше мақала- посттар жазғанмын. Осы ретте, ауданымыздан арнайы жұмысшы топ жасақталып, Жамбыл облысына да бірнеше рет барған болатынбыз. Тіпті, Түркістан облысы, Сауран ауданында және Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында ҚР Су ресурстары және иригация министрі Нұржігітов Нұржан Молдиярұлы бастаған, Су комитеті, «Талас-Шу» су бассейні инспекцияларының басшыларымен де екі рет кездесіп, үш тарапты келіссөздер жүргізіп, бірқатар нәтижелерге де қол

# Ауданымызда алдағы, 2025 жылы атқарылатын істер

## Өңіріміз үшін өзекті бағыттардың бірі құрылыс, инфрақұрылым жайы

Жоғарыда айтқанымдай, аудан тұрғындары үшін маңызды нысандардың бірі – аудан орталығында «Жайлы мектеп» жобасы аясында салынып жатқан 900 орындық Ы.Алтынсарин атындағы мектеп құрылысы алдағы уақытта толықтай аяқталып, пайдалануға беріледі деп күтіліп отыр. Бұйыртыса, «жайлы мектеп» деп аты айтып тұрғанындай, ауданымыздағы алдыңғы қатарлы білім ошағы болғалы отыр. Сондай-ақ, 200 орындық спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысы да биыл аяқталып, жуық арада ел игілігіне ұсынылады деп күтіліп отыр. Сондай-ақ, жаңа спорттық-сауықтыру кешені тұрғындардың денсаулығын нығайтуға және бос уақытын тиімді өткізуге үлкен мүмкіндік береді деген үмітіміз бар.

Сонымен қатар, көптен айтылып, аудан жұртшылығы асыға күтіп жүрген «Астана» мөлтек ауданының да инфрақұрылым құрылысын жүргі-

қайта құрылып, заман талабына сай жаңартылатын болады. Тасты, Жуантөбе және Сызған ауылдарында жабық футбол алаңдарының құрылысы басталмақ. Аудан орталығындағы С.Қожанов және Жібек жолы көшелерінде абаттандыру жұмыстары жүргізіледі. Бұл жұмыстар тұрғындар үшін аса жайлы және қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған. Бұған қоса, Созақ ауылы, Ж.Өткелбаев көшесі бойында спорт сауықтыру кешенінің құрылысы басталмақ. Шолаққорған ауылының С.Қожанов көшесі бойында кітапхана ғимаратының құрылысын бастау үшін де тиісті шаралар атқарылуда. Бұл жобалар білім мен мәдениет саласының дамуына үлкен үлес қосып, аудан тұрғындарына жаңа мүмкіндіктер ұсынатын болады.

## Созақ ауданы тұрғындарын табиғи газбен қамту жұмыстары

Жалпы, ауданымыздың орталығы Шолаққорған ауылына жүргізілуі тиісболып, бүгінгі таңда 90 пайыздан аса жұмысы бітіп отырған Газ құбырының құрылысының аудандық ЖКХ бөлімі беріп отырған сметалық жобасы мынадай: Ұзындығы - 43,809 шақырымды құрайды. Өткізу мүмкіндігі – 30,0 нм3/ тыс сағ; Сметалық құны – 4 110 002,0 мың.теңге; Мемлекеттік сараптама қорытындысы - 22.11.2018 жылы №19-0346/18; «Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» - 15.04.2019 жылы №13 келісім шарт түзілген».

Негізінен, Созақ ауданында АГТС бар магистральды газ құбыры-тармағын салу» нысанының құрылыс-монтаждау жұмыстарына 2019-2023 жылдар аралығында қажетті қаржы бөлініп, Жаңатас қаласы бұрылысынан Шолаққорған ауылына дейінгі 43,8 шақырым магистральды газ құбыры траншеяға 100% тасталған. Газды қабылдау құрылғысы (УПОУ) орнатылып, АГТС қондырғыларының орындары дайындалып қоршалған. Найзағайдан қорғау прожектор дңгері (ПМЖ) 5 дана және КТП-10/04кВ дизельдік электростанциясы орнатылды. Электр бағаналары орнатылып, электр желілері жүргізілді. ВОЛЬС кабельдері тартылды. Сонымен қатар, 2024 жылы автоматтандырылған газ тарату стансасының 11 дана (1.Блок операторной ББ САУ ГРС Модуль №1, №2, 2.Ёмкость

хранения и выдачи одоранта V=2,0м., 3.Ёмкость конденсата сборника-1шт., 4.Ёмкость теплоносителя – 1шт., 5.Блок подогрева газа №1-1 шт., 6.Блок подогрева газа №2 – 1шт., 7.Блок автоматической одоризаций газа выхода №1, 8.Блок автоматической одоризаций газа выхода №2, 9.Узел переключения газа, 10.Узел учета расхода газа, 11.Блок редуцирования газа) қондырғылары нысанға жеткізілді. Қазіргі таңда монтаждау жұмыстары жүргізілуде. «Созақ ауданында АГТС бар магистральды газ құбыры-тармағын салу» нысанына табиғи газ қосу үшін Бәйдібек ауданы Шаян ауылындағы №18 «Шалдар» автоматтандырылған

жеткізген болатынбыз. Әрине, бұл кездесулерді Жамбыл мен Түркістан облыстарының және Созақ пен Мойынқұм аудандарының әкімдіктерінің басшылары ұйымдастырған еді. Нәтижесінде, 2024 жылдың қыркүйек айының соңынан бастап, «Тасөткел» су қоймасынан 35 кубтан бастап, 120 кубқа дейін Созақ ауданына су тасталды. Негізінде, «Талас-Шу» су инспекциясының айтуы бойынша 150 кубқа дейін су тасталынуы тиіс болатын. Алайда, Мойынқұм ауданының бірнеше ауылдарында төтенше жағдай жарияланып, судың көлемі керісінше 90 кубқа түсірілген еді. Бүгінгі таңда Шу өзеннің Созақ ауданына тиесілі суы Сарысу ауданының Қамқалы ауылына жетіп, біздің шекара-



зу арқылы жаңа тұрғын алабын дамыту жоспарлануда. Бұған қоса, Созақ ауылдық округі әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратының құрылысы да аяқталып, ауылдық әкімшілік қызметіне жаңаша серпін береді. Бұлардан бөлек: Биылғы жылы басталатын нысандардың ішінде бірқатар маңызды инфрақұрылымдық жобалар қарастырылған. Мысалы, аудандық «Достар» стадионы



газ тарату стансасынан (Жаңатас қаласы бұрылысынан) «ЕвроХим-Қаратау» ЖШС-нің химиялық кешеніне дейін жоғары қысымды газ құбырына қосылу қарастырылған. Осыған байланысты, аталған нысанның монтаждау жұмыстары 2025 жылы аяқталған жағдайда Созақ ауданы тұрғындары табиғи газбен қамтылады. Сондай-ақ, аудан орталығы «Шолаққорған ауылдық округінің газ тарату желісін салу» нысанының құрылыс-монтаждау жұмыстары кезінде 216,6 шақырымды құрайтын 100-ге жуық көшеде орналасқан 3200 абонентке газ құбыры жүргізілді. Шақты газ реттеу пунктінің орындары дайындалып, 22 дана (ШРП) орнатылып, қайта алынып, аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Шолаққорған-Су» МКК-нің қоймасына жеткізіліп, сақтау актісі түзіліп, ішкі газ құбырының жұмыстары аяқталып, нысан үстіміздегі жылдың маусым айында қабылданды. 2025 жылы АГТС қондырғылары орнатылып, іске қосылған жағдайда Шолаққорған ауылы тұрғындары табиғи газбен қамтылатын болады.

мызға жетуіне небәрі 40- 45 шақырымдай ғана жер қалды. Мұндай ақпаратты Созақ ауданының әкімдігі су инспекциясы менен Мойынқұм ауданының бірнеше ауылдарының әкімдіктерінен алып отыр. Бұйыртыса, су министрі Нұржан Нұржігітов уәде еткеніндей, Созақ ауданына келуі тиіс ақпан айының соңына дейін Шу, Тасты және Жуантөбе ауылдарының аумағына жайылады деп күтіп отырымыз.

Қазіргі уақытта Шу өзенінің суы жылдағыдан ерте және көп мөлшерде келіп жатқандығы анықталып, Шу өзені бойындағы ауылдарда су басу қауіпін болдырмау үшін тиісті жұмыстар қарқынды түрде атқарылды. Жуантөбе ауылындағы Шу өзені арнасының солтүстік бетінде орналасқан ескі бөгет қайта жаңартылып, қалыпқа келтірілді. Аудандық коммуналдық мекемелер мен өндіріс орындарынан 14 ауыр техникалар жұмылдырылып, 2 шақырымнан астам бөгет жаңартылды.

Мінеки, құрметті оқырман! Созақ ауданында алдағы 2025 жылы атқарылуы тиіс соны істердің тізбегі осындай болды.

**Данияр БЕК,**  
Аудандық «Созақ үні» газетінің аға тілшісі.



•корпоративтік басқару тәсілдері мен қағидаттарын айтарлықтай жақсартты. Компания үнемі HSE, корпоративтік басқару, сәйкестік, ақпаратты ашу және ашықтық мәселелерінде үздік әлемдік тәжірибелерді ұстануға ұмтылады. Инвестициялық қоғамдастықтың және басқа стейкхолдерлердің сенім деңгейі айтарлықтай өсті. Компания CSA (Corporate Sustainability Assessment) бағасын S&P Global Ratings-тен 48/100 деңгейінде алды, бұл саладағы орташа көрсеткіштерден жоғары.

Қазатомөнеркәсіпті дамытудың 2025-2034 жылдарға арналған жаңартылған стратегиясы ядролық отын нарығындағы өзгерістерді көрсете отырып және уран өнімдеріне де, сирек және сирек кездесетін жер металдарына да өскелең сұранысты ескере отырып, Value over Volume қағидатына бейілділігін сақтайды. Компанияның негізгі миссиясы мен пайымы – тұрақты даму арқылы жаһандық таза

## Қазатомөнеркәсіп 2025-2034 жылдарға арналған жаңартылған даму стратегиясы бекітілгенін хабарлайды

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Қазатомөнеркәсіп» немесе «Компания») Компанияның 2025-2034 жылдарға арналған жаңартылған даму стратегиясын директорлар кеңесі бекіткені туралы хабарлайды. Бекітілген стратегия 2018 жылдан бері қолданылып келе жатқан стратегияның логикалық жалғасы болып, Компанияның барлық мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді нарықтық құндылықты құруға деген ұмтылысын білдіреді. Стратегияны жаңартудың қажеттілігі 2018-2028 жылдарға белгіленген негізгі стратегиялық мақсаттарға мерзімінен бұрын қол жеткізуге, сондай-ақ ядролық саладағы түбегейлі өзгерістерге негізделген. Жаңартылған стратегия Компанияның алдағы 10 жылдағы миссиясын, пайымын және стратегиялық мақсаттарын анықтайды. Ол жаңа ядролық қайта өрлеу қарсаңында Компанияның позициясын тұрақты түрде нығайтуға және әлеуетті мүмкіндіктерді пайдалануға бағытталған.

«Жаңартылған стратегия өзгермелі индустрия жағдайында тұрақты дамуға, ағымдағы процестерді оңтайландыруға және ядролық отын циклінің басқа кезеңдеріне стратегиялық қатысу мүмкіндіктерін зерттеуге бағытталған. Мұндай тәсіл бізге өскелең сұраныс жағдайында ресурстық базаны едәуір толықтыруға, ұзақ мерзімді перспективада табыс көздерін әртараптандыруға, геосаяси тәуекелдерді төмендетуге және тұрақты әрі қалыпты өсуді қамтамасыз ете отырып, әлемдік нарықтағы позицияны нығайтуға мүмкіндік береді», - деп атап өтті Қазатомөнеркәсіптің директорлар кеңесінің төрағасы Арман Аргынғазин.

Қазатомөнеркәсіптің 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы енгізілген сәттен бастап:

•бастапқы әлемдік өндірістен 48 мың тоннадан астам уранды алып тастады, бұл уран нарығын сауықтыруға және сұраныс пен ұсыныс арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге ықпал етті;

•трейдерлерге сатуды шектеу және жеке сауда компаниясын құру арқылы уранды сату тәсілін өзгертті. 2018 жылдан бастап Қазатомөнеркәсіптің клиенттер базасында Бразилия (2018), Швеция (2018), Испания (2019), Аргентина (2020), Румыния (2021) және БАӘ (2024) сияқты 6 жаңа ел пайда болды. Сонымен қатар, Қазатомөнеркәсіп Америка елдеріне сату үлесін 2018 жылғы 16% - дан 2023 жылы 26%-ға дейін ұлғайтып, өңірлік әртараптандыруды нығайтты. Компанияның сату портфолиосы өзіне ұқсас компаниялармен салыстырғанда уранның споттық бағасымен ең жақсы үйлесімді көрсетеді. Компания көлік бағыттарын сәтті әртараптандырды, Транскаспий халықаралық көлік бағыты арқылы Батыс конвертерлеріне жеткізілім үлесі 2023 жылы 64% - ға дейін өсті;

энергияға көшуге жәрдемдесу, сондай-ақ атом саласындағы әлемдік көшбасшылық орнын нығайту.

«Атом энергетикасының өсіп келе жатқан маңызы жасыл энергетика саласындағы жаһандық саясаттың ажырамас бөлігіне айналды, бұл уран нарығының бүгінгі күні бұрынғыдан да күшті іргелі көрсеткіштерін айтарлықтай нығайтуға ықпал етеді. Уранның жетекші әлемдік өндірушісі және жеткізушісі ретінде Қазатомөнеркәсіп экологиялық таза энергияға көшу жөніндегі жаһандық күш-жігерді іске асыруда маңызды рөл атқарады. Біздің акционерлер үшін ұзақ мерзімді құндылық жасау стратегиясына деген міндеттеміз өзгеріссіз қалады. Жаңартылған стратегиялық мақсаттарды табысты іске асыру компанияға уранның, ядролық отын циклінің, сирек және сирек жер металдарының әлемдік нарығындағы өз орнын нығайтуға ғана емес, сонымен қатар барлық мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді құндылық құруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», - деді Компанияның Басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов.

Компанияның директорлар кеңесі 2025-2034 жылдарға арналған мынадай стратегиялық мақсаттарды айқындады:

- негізгі қызмет түріне назар аудару және ресурстық базаны ұлғайтуға және тиімді пайдалануға күш-жігерді шоғырландыру;
- экономикалық орындылықпен расталған өскелең перспективаларды ескере отырып, ядролық отын цикліне қатысуын кеңейту;
- сыни минералдарға сұраныс жағдайында сирек және сирек жер металдарының бағытын дамыту және кеңейту;
- сатуды әртараптандыруды және сауда функциясын күшейтуді жалғастыру;
- бизнестің тұтастығын қамтамасыз ету және қолдау үшін озық бизнес және ESG тәжірибелерін жетілдіру.

Бұл стратегиялық мақсаттар өзара байланысты және бір-бірін толықтырады, алдағы 10 жылда компанияның кешенді дамуы үшін берік негіз жасайды.

Қазатомөнеркәсіп инвесторлар, клиенттер және серіктестер тарапынан бедел мен сенімді нығайта отырып, тұрақты құндылық құру бағытын ұстануды жалғастырып келеді. Бұл ретте компания өзі жұмыс істейтін өңірлердің экономикалық және әлеуметтік дамуына, сондай-ақ елдің әл-ауқатын жақсартуға елеулі үлес қосады.

2025-2034 жылдарға арналған даму стратегиясын жаңартудың және инвестициялық қоғамдастықпен тұрақты диалогты қолдаудың маңыздылығын ескере отырып, Компания алдағы 10 жылға арналған стратегиялық міндеттерді таныстыру және талқылау үшін инвесторлармен және талдаушылармен бірқатар кездесулер өткізуді жоспарлап отыр.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

Мендель атындағы халықаралық биология пәні олимпиадасында Т.Әлімқұлов атындағы мектеп интернат-лицейінің 9-сынып оқушылары Есен Еңлік пен Асқарқызы Мадина биология пәні бойынша III орын иеленді.

Жетекшілері биология пәні мұғалімдері: Жұмашев Кенжебек, Жүнісбекова Камшат. Ізденімпаз, алғыр оқушыларымызға алар асуларың биік, білім бәйгесіндегі табыстарың мол болсын демекпіз!!!



## ҚЫЗДАР ЖИНАЛЫСЫ ӨТТІ

Қ.Кемелұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес 2025 жылдың 16- қаңтар күні Бердімұртова Раушан Сырлыбекқызының ұйымдастыруымен «Айым» қыздар ұйымының кезекті жиналысы болып өтті.

Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс - қимыл, жүріс - тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани - адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді

дамыту.

Күн тәртібінде: Қызға қырық үйден тыйым тақырыбында түсіндіру, сұхбат

Жеке бас гигиенасы (бет күтімі, шаш күтімі)

Әртүрлі мәселелер (форма, сабақтан себепсіз қалмау, кешікпеу, тазалық, әдеп сақтау және т.б.)

Жиналыста қыз балалардың жеке басының гигиеналық тазалығы, достары мен құрбыларымен күнделікті қарым-қатынаста жаман әдеттерден аулақ болу қағидалары туралы айтылды.

## АҚЫЛ АЙТПА, ЖОЛ КӨРСЕТ

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізінде «Баршаға қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндамасы аясында іске асырылатын Жол картасының «Ассистент

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мәселелерінде ата-аналардың құзыреттілігін арттыру. Отбасы тәрбиесінің құндылығын, бала тәрбиесіндегі ата – ана-



-ата-ана» тақырыбындағы ата-анамен және ата-аналар қауымдастығымен жүргізілетін жоба аясында балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырып демеуші ата-ана. Баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс тәсілдерін жетілдіре отырып қарым-қатынас орнату.

ның алатын орнының ерекше екендігін түсіндіре отырып, отбасы мен балабақша арасындағы қарым-қатынасты ынтымақтастыру. Ата-ана мен баланың дұрыс қарым-қатынаста болуы, психологиялық кеңес, ағарту жұмыстарын жүргізу мақсатында психолог Г.Бектаева тренинг өткізді.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

Отан деген сөздің ұғымына тоқталып көрейікші. Отан деген не? «Отан» деп отбасы мен ошақ қасын, ауасын жтып, суын ішіп жүрген, байлығы мол кең-байтақ жерді, қазыналы қарттармен, ақ жаулықты әжелеріміз тай құлындай бірге өскен құрбы-құрдастарымыз бар ауылды, қадірлі ата-ана, жарымыз бен баламыз жүрген елді айтамыз. Міне, осы туған ел мен жерге ие болу, аман-дығын тілеу – әрбір мұсылманның діни, әрі азаматтық борышы.

Халық даналығы «Отан үшін отқа түс, күймейсің» дейді. Бұл

ла нені көрсе жастан ұядан, өле-өлгенше сонны таныр қиядан» деген.

Туған жерге деген сүйіспеншілік елді көркейтуге, білім іздеген жастардың талабына қолдау білдіруді де ұқтырады. Осы себепті Ислам дінінде ең жақсы садақа ілім жолындағыларға берілген садақа екендігі айтылған. Тарихта әлі күнге дейін мұсылман елдерінде жекелеген қайырымдылық қорлар арқылы студент жастарға шәкіртақы беріліп отырады. Бұл сол елдің болашағына жасалған қамқорлық екені сөзсіз. Өйткені, бір тағылымды кеңесте «Бір жы-

# Дін және Отан

не деген сөз? Мәнін ойлап көрдік пе? Бұл Отанды қорғау жолында бәріне бара білуді, ештеңеден тайсалмауды білдіреді. Адамға алуан түрлі қасиет, дарын туған ортадан дариды. Сондай-ақ туған жер ата-бабаларымыздың сүйегі жатқан жер болғандықтан ұрпаққа перзенттік парыз жүктейді.

Мәдинаға хижрат жасаған уақытында Адамзаттың ардақты елшісі хазірет Мұхаммед (с.а.с.) Хазрауа деген жерге жеткенде түйесін тоқтатқан екен. Кіндік қаны тамған Меккеге жабырқаған көңілмен қимай ұзақ қарап тұрып: – «Уаллаһи, сен жер бетіндегі ең көрікті, ең сүйікті мекенсің. Мен үшін сенен артық жер жоқ. Егер тағдыр тауқыметіне ұшырамағанымда, өзіңнен бір сәтке де алыстама с едім», – деген.

Бір хадисте: «Екі көз ақыретте тозаққа күймейді: біріншісі күнәсына өкініш білдіріп, оңашада егіліп жылаған көз, екіншісі Отанды қорғап шекара күзеткен көз» делінген. Демек, «өлсек шейіт, қалсақ ғазимыз» деген асқақ мұратпен «Құдайлап» жауға шапқан жүрегі түкті батыр-баһадүрлеріміз ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен дұшпан жолатпаған кең байтақ жерге бабалар аманаты деп қарай білген жөн.

«Біз, қазақ деген мал баққан елміз.

Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.

Елімізден құт-береке қашпасын деп,

Жеріміздің шетін жау баспасын деп,

Найзаға үкі таққан елміз.

Ешбір дұшпан басынбаған елміз.

Басымыздан сөз асырмаған елміз...» деген Қазыбек би бабамыздың отты сөзі жерімізге көз алартқан дұшпанды тәубесіне түсіре білген батырлар ұрпағы болғандығымызға дәлел.

Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген де мәнді сөз бар. Отанды сүюге, туған елге деген құрмет сезімі жан-ұядан бастау алады. Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Барлығың жауаптысыңдар. Елбасы еліне жауапты. Отағасы жанұясына жауапты. Әйел жанұядағы дүниеге жауапты. Малшы малына жауапты. Әркім өз қарамағындағылардан жауапқа тартылады» деген. Олай болса, балаға жастайынан жақсы тәрбие берумен туған елге құрметтеуді жанын қорғағандай дінін, отанын қорғау секілді құндылықтарды үйретуге де, отағасы жауапты болғаны. Бұл жөнінде Жүсіп Баласағұн бабамыз «Ба-

лығы ойласаң, егін ек. Он жылығы ойласаң, ағаш ек. Жүз жылығы ойласаң, ұрпақ тәрбиеле, білімге көңіл бөл» делінген. Соңғы ғасырлардағы ірі ғламалардың «Мұсылмандарды артта қалдырып отырған үш кесел: білімсіздік, өзара алауыздық, кедейлік» деп атап көрсеткендей, бүгінгі күнгі көзі ашық, көкірегі ояу мұсылмандардың елге деген жанашырлығы жас ұрпақтың заманға сай озық білім алуына, сондай-ақ ұлтжандылық пен мұсылмандық тәліммен де сусындауында жатыр.

Ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының «Балам деген жұрт болмаса, жұртым деген бала қайдан шықсын?!» деген ұлағатты пікірі де өте маңызды.

Демек отанға деген сүйіспеншілік ел игіліне жасаған жақсылықтармен өлшенбек. Әлі күнге есімдерін ел құрметтеген әл-Фараби, Иүгүнеки, Баласағұн, Ясауи, Бақырғани, Кердерілер – бәрі де отанды гүлдендірген, елге, жерге адал қызмет еткен жандар еді. Құранда ешбір жақсылықтың бекерге кетпейтіндігі, Алладан сауап жазылатындығы айтылған:

«Кімде кім тозаңдай жақсылық жасаса, міндетті түрде сауабын алады».

Мешіт-медреселердің бүгінгі күні ізгі жандардың қолдауымен қайта жандана бастауы да туған елге, отанды гүлдендіруге деген ниеттің көрсеткіші.

Қорыта айтарымыз, кім-кімнің де жапырақ жаяр жері – Отан. Отансыз бақыт жоқ. Сол себепті, әрбір адам туған жерін, отанын қастерлеуі керек. «Отанды сүю – иманнан» деген кең тараған мағынасы терең, қанатты сөз бар. Өйткені, иманды адам өз Отанын сыйлап, қастерлей алады. Имансыз адам отанның қадір-қасиетін білмейді. Біздің Отанымыз–тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан біреу-ақ. Екі Қазақстан жоқ. Отанды ешкім сатып ала алмайды. Сол себептен де Қазақстан біз үшін өте қымбат. Сондықтан ары тарт та, бері тартқан, яғни, фитнаға, алауыздыққа жол бермей, отанның амандығын, халқымыздың ынтымағы мен бірлігін тілейік. Сол үшін білек сыбана еңбек етейік. Ал ынтымақты, иманды елді жау ала алмайтынын ұмытпайық.

**Д.АМАНОВ,**  
**Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Мақтаарал ауданындағы дінтанушы маманы.**

## Ислам мәдениетінің ұлт менталитетін қалыптастырудағы ролі

Қазақ халқы ислам дінін өз халқының діні ретінде ұстанғанына да мың жылдан аса уақыт өтіпті. Дәлірек айтқанда, VIII ғасырдан бастау алғанымен, X ғасырдың екінші жартысында арғы қазақ тайпалары тарихи шынайы таңдау жасап, ислам дінін қабылдады. Міне, осы кезеңнен бастап қазақ жері ислам өркениеті тараған аймаққа айналды. Сунниттік бағыттағы мұсылман діні қазақ халқы рухани байлығының ажырамас бір бөлігіне айналды. Негізінде, қазақ халқы мәдениеті мен тарихындағы ислам дінінің ролін екі аспектіде қарастыруға болады. Бір жағынан алғанда, құлдырап бара жатқан нанымдардың орнына келген ислам діні адамдардың адамгершілік тұрғыдан биіктеуіне, интеллектуалды және мәдени ілгерілеуіне ықпал етті. Есіресе, бұл дін ұлттық сипаттағы ең үздік қасиеттердің қалыптасуына оң әсер етті. Келесі жағынан алғанда, исламнан нәр алған халық тарих белестерінде өзіндік орнын жоғалтпау үшін мәдени күреске ұмтылды. Өйткені, бұл кезеңде қазақ жұртына қиыр шығыстық және христиандық дәстүрлер пәрменді ықпалын тигізіп, тұрақты қысымға алып отыратын. Ал ислам діні осыларға қарсы қойылған «сауыт» қызметін атқарды, ұлттық «мәнді» сақтап қалуға мүмкіндік берді.

Қазақ мәдениетінің майталмандары атанған ақын-жыраулар, күйшілер, билер қырдағы ислам өркениетінің көрнекті өкілдері атанды, олардың діни білімдері ерекше болды. Қожа Ахмет Ясауи мен Асан Қайғыдан бастап Шәкәрім мен Міржақып Дулатовқа дейінгі қазақ мәдениетінің барлық өкілдері ислам руханиятының тасымалдаушыларына айналды.

Қазақ зиялыларының барлық өкілдері мұсылмандықты ұлттық-мәдени өмірдің қажетті бөлігі деп санады. Олар осы діннің мәдени, гуманистік және ұйымдастырушы кезеңін өркендетуге ұмтылды. Міржақып Дулатовтың «исламға қалай жол ашамыз» деген жан айқайы осы дінге деген ерекше құрмет белгісін танытады.

Кейде «көшпенді мәдениет» пен «мұсылман мәдениеті» ұғымдарын шатастырып жатады, бұл екеуі дербес ұғым болып табылады. Өйткені, «көшпенді мәдениет» шаруашылық жүргізу және тұрмыстық салттарды, ал «мұсылман мәдениеті» дін аясында өмір сүруді білдіреді. Мәдениет (өркениет) рухани саламен, дінмен байланысты болады. Тарихи тәжірибенің көрсетуі бойынша сан ғасырлар бойы қалыптасқан көшпенділер мәдениеті ислам дінінен тыс қалыптасып үлгерген. Сондай-ақ оның шеңбері аясында өмір сүре алады. Ислам діні көшпенді мәдениеттен отырықшылыққа көшуге мәжбүрлемейді. Мұның өзі қазақтардың ислам дінін қабылдауына да өзіндік әсерін тигізді.

Дін мен салт-сананың үндестік-үйлесімділігі дегеніміз қасиетті Ислам дінін қабылдаған кезден бастап ата-бабаларымыздың сан ғасырдан бері діни тәжірибесі арқылы тіршілік түйткілдерін тірнектеп реттеген, бағыттап қалыптастырған әдет-ғұрпы, дәстүр-салты болмақ. Әрине, Ислам мен дәстүрлі қазақы сенім арасындағы үндестік, үйлесімділік дана халқымыздың діни білімі негізінде жүзеге асып келді.

Адамның ұлтына деген адалдық, таза-лық Ислам дінімен қуатталып отырады. Құдайдан қорықпаған адам Отанын сатып кетеді, өз елінің өзегінен теуіп, арқасынан пышақ сұғады. Олардың қазақ ұлтына, еліне деген, «сүйіспеншілігі» қандай болатынын содан-ақ біле беріңіз. Өмірбаянына үңілсеңіз ақша ұрлап, ел байлығын тонап шетелге қашып кеткендер түп-түгел орысша оқыған қазақтар. Өйткені оларға ұлттық менталитеті тұрғыдан имандылық, отаншылдық тәрбие қалыптаспаған. Олардың әкесі қазақ, шешесі қазақ бола тұра өздері қазақпын деп айта алмайды. Өйткені

олар қазақпын деген сезімнен жұрдай. Ал Ислам дінінің ұлттық салт-дәстүрмен негізделген құндылықтарын өзге тілмен түсіндіріп, ұрпақ санасына сіңіріп, қалыптастыра алмайсың. Қасиетті дінімізді насихаттауда біздерді құртып жүрген міне осылар.

Дін мен ұлттық мүдденің ұштасуы, тоғысуы – руханиятымыздағы орны айрықша мәселе. Менің білуімше, дүниеде қазақтан өткен дана халық жоқ. Өкініштісі сол, қазақ даналығын біз тани алмай, таныта алмай келе жатырмыз. Әйтпесе, Әбунасыр әл-Фарабиден Қожа Ахмет Ясауиге, Асан қайғыдан Абайға дейінгі аралықта қалыптасқан түркі-қазақ-Ислам мәдениеті адамзат тарихындағы ең озық қоғамдық қатынастарды қалыптастырып, озық мәдени дәстүрді жинақтады.

Біздің қазақ рухани мәдениетінің қоры жағынан әлемдегі ең бай халықтың бірі. Ұлттық сана арқылы қалыптасқан діни сананы улайтын әртүрлі «вирустардан» қорғаудың, алдын алудың жолдары көп. Оған қарсы қолданатын «антивирустың» бірі де бірегейі – қазақы дүниетаным, қазақ фольклоры, ақын-жыраулар мұрасы, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Ыбырай Алтынсарин сынды ойшылдардың ілімдері, ұлтымыздың классик тұлғаларының жауһар туындылары. Сонымен қатар, «Мәдени мұра» арқылы сан жүздеген томдарға жинақталып кітапханалар сөрелерінде сіресіп тұрған бабалардың даналығы. Қазіргі таңда еліміздің кейбір өңірлерінде «Біз қазақ емеспіз, мұсылманбыз» деп айтумен қоймай «таза ислам» идеясы үшін ұлттық құндылықтарды тәрк етуге шақыруда. Бұл ұлтқа төнген үлкен қауіп. Егер қазақ ұлтын қазақ етіп келген тілі, әдет-ғұрыптары, дәстүр-салты тегіс сыпырылып, ұлттың тарихы ұмытылса, олардан түгелдей айрылсақ, онда не болдық?! Не үшін осыдан бір мың екі жүз елу жыл бұрын Ислам дінін қабылдаған халықтың қалыптасқан мәдениеті бүгін келіп Исламға қайшы болып қалды? Міне осы сұрақты біз оларға қарсы қойып, қорғана білуіміз керек.

Қорыта айтқанда, қазіргі кезеңдегі қоғамдық діни санамыздың толысуы үш нәрсеге тәуелді. Олар, біріншіде халқымыздың білімділік деңгейі (интеллектуалдық әлеуеті), екіншіде діни сауаттылығы, үшіншіде дамыған ұлттық сана-сезімі. Оған қоса Тәуелсіз еліміздің әрбір азаматының өзінің тілін, ұлттық мәдениетін, отбасылық және діни құндылықтарын көздің қарашығындай сақтауға деген талпынысы қажет. Халық рухын сауықтыруға да, әртүрлі экстремизмнің алдын алуға да ең көрегі осындай қасиеттер болмақ.

Қазақ халқы ислам жолымен сусындап, болмысын, ұлттығын, дәстүрін қалаған халық. Кеше, бүгін мұсылман бола салған жоқ. Бүгінгі қоғамдағы неосәлафилік тенденция қазақилықты мансұқтап, дін ұстанушыларды жік-жікке бөліп, араздастыруға себепші болып отыр. Яғни отбасы ұғымын зайырлы ортадан бөлектеп, қоғам мен заң талаптарын елемей, заман мен қазіргі уақытқа ілеспей өздерінше басқаша сипатта жүр.

Қазақ әуелден сыртқы формаға емес, мазмұны мен мәнге назар аударатын. Қыздар оранып жүрмесе күнәға себепкер болады дейді. Ал қазақ қызының өзінің жарасымды ұлттық киімі болған. Онда кез келген әйел заты, жеңге, қарындастың бәрін фитнаға себепші дейтін шығармыз. Сол себепті, қарындастарыма алдымен білім алып, сенімді жүрекке ұялатайық дегім келеді. Анасы надан ұрпақтан білімді бала, елін ойлайтын азамат шыға қоймайды. Бұл ретте ата-аналарды да төзімді болуға шақырамын.

**Қ.САЛЫҚБАЕВ,**  
**Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру бөлімінің басшысы.**

2021 жылдың 23 мамыры күні фейсбук парақшасынан Созақ ауданына, оның ішінде Сызған ауылына жерлесіміз композитор, драматург Якуда Амандықов көкеміздің келгендігі жайлы жазбаны оқыдым. Таңертең жігіттерден вацпап арқылы «Созақта жүр» деген хабар келді. Сағат тілі тоғызға жетпей Созақ ауылының әкімі Батыр Қаныбекұлына хабарласып, сағат тоғыздан өте сол уақыттағы аудандық орталық кітапхананың директоры Сабыр Батырбековпен сөйлестім. Сабыр ағам: «Ой, мынауың жақсы жаңалық екен. «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария сәлем береді» демекші, сонау Алматыдан аты алашқа мәшһүр көкеміз келіп жатқанда, неге барып сәлем бермеске!» деді қуана құптап. Дереве екеуіміз Созақты бетке алып жүріп кеттік.

Біз салып ұрып барғанымызда Якуда көкеміз Созақ ауылындағы Әбдіразақ көкемнің жекеменшік клиникасында күш беретін дәрі қабылдап жатыр екен. Алматыдан Нұрсұлтанға, Нұрсұлтаннан жеңіл көлікпен Бетпақ дала арқылы Созаққа келуі 86 жастағы қария үшін үлкен сынақ іспетті еді. Сол жолдан аздап шаршаса керек. Біз барғанда Әбдіразақ көкем екеуі егу бөлмесінен жарқылдап күліп шықты. Сазгер көкемізді ертіп алып Созақ ауылдық мәдениет үйіне бардық. Алдын ала Сабыр аға хабарласып қойған екен. Бізді мәдениет үйінің директоры Талғат бауырымыз күтіп алып, автордың кітаптарына қолтаңба алып, суретке түсіп, өнер үйінің дастарханынан аз-кем нан ауыз тидік. Якуда көкемнің қасында ұлы Қайрат және жиені Бегалы ағамыз болды. Ол уақытта карантиннің күші қайнап тұр. Біз карантин режимін сақтай отырып кітапхана ішін аралап шықтық.

«Созаққа келсеңіз міндетті түрде хабарласыңыз, үйге келіңіз, қонақ болыңыз! Сізді әрқашанда күтіп алуға даярмын» деп Әбдуәлі бауырым жиі айтатын еді. Кеше сол Сызған ауылына Әбдуәлі інімнің үйіне бардым. Осы жолы туған жерімді, елімді қатты сағындым. Бұрындары той-томалақ, ас-жиын деп сылтауратып келіп тұрушы едік. Мына қиын-қыстау заманда той-жиын тоқтап, тіпті тек телефон арқылы ғана байланысып, ағайынды сағынып жатырмыз. Екі желеу, бір сылтаумен келдім, -дейді тоқсаннан асқан толағай атамыз. Айналасы екі-үш сағаттың ішінде «Созақтың маңдайына біткен марқасқаларының бірі, осы!» -деп аузы дуалы Асқар Сүлейменов айтқан, 40-тан астам әннің авторы, дүйім қазаққа «Қаратауым» әнімен, «Әнші Әміре» шығармасымен танылған дарын иесі, сазгер, ғалым, драматург, Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтың лауреаты Якуда Амандықовпен көп-көрім әңгімелесіп қалдық.

Екеуара әңгімеден түйгенім, Мәдениет майталманы сазгер, ғалым, драматург Якуда Амандықов 1935 жылы Созақ ауылына жақын Тегістік ауылында дүниеге келген. 1953 жылы Созақта орта мектепті бітірген соң аудандық газетте жұмыс істеген. 1962 жылы Шымкент педагогикалық институтын филология мамандығы бойынша бітіріп, аудан мектептерінде ұстаздық етеді. Мектеп директоры, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарады. Якуда Амандықовтың 100-ден аса әндері бар. Ән текстері тақырыбы бойынша филология ғылымдарының кандидаты атағын алған. 1996 жылы «Жамбыл жырлайды», 1998 жылы «Жамбыл өнер әлемінде», «Әнші Әміре» атты кітаптарын шығарды. Оның «Сұлушаш» драмасы, «Күйреу» трагедиясы облыстардың театрларында қойылды.

Созақ театрының іргетасы 1967 жылы Якуда Амандықовтың жетекшілігімен қаланды. Театрдың алғашқы репертуарында И.Мақатовтың «Шекарада», И.Сатыбалдиевтің «Отыз тиын штраф» атты қойылымдары болды. 1973 жылы театр ұжымы «Халық театры» атағын қорғау үшін Якуда Амандықовтың бастылығымен кәсіпқой режиссер Батима Тойлыбаеваның



## СОҢҒЫ САЛМАР

қойған Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» спектаклімен Астанада өткен «Халық театр» байқауында, Республикалық байқауының лауреаты деген атақты жеңіп алып, үлкен қуанышқа бөленді.

Якуда Амандықовтың анасы-Бұлғақова Тәуірбала Әкімбекқызы. Тәуірбала анамыз 1890 жылы Созақ өңірінде дүниеге келген. Теріскей тарихында есімі алтын әріппен жазылған Абақ батырдың інісі Бұлғақтың немересі. Абақ, Бұлғақ, Сырғақ деген үш ағайынды жігіттер болса соның үлкені Абақ батырдың ұлы Дайырбек байлығына жеті мың жылқы біткен бай кісі болған. Дайырбектің баласы Басалқа Келес өңірінде ғұмыр көшеді. Бұлғақтан Тәуірбаланың әкесі Әкімбек тарайды. Кенжелері Сырғақтан Өмірбек, одан әйгілі шежіреші Есіркеп

Әбибі (1930), кенжесі Якуда 1935 жылы дүниеге келген. Якуданың үлкен әпкесі Күләнда, одан кейінгі Қыздығой кешегі Ұлы Отан соғысы жылдары 16 жасынан бастап бүкіл отбасын өзі асырап, колхоздың бар жұмысын атқарған бейнеткеш кісі болыпты. Тағдыр айдап Сызғандағы Өксікбай деген азаматқа тұрмысқа шығады. Одан Нұрхан деген ұрпақ бар. Кіші әпкесі Әбибі өте әнші кісі болыпты. 1947 жылы Алматыдан өнер адамдары келіп, консерваторияға алып кетеміз дегенде бала Якуда жылап жібермей алып қалған екен. Әбибі әпкесі Созақтағы Жәлел деген азаматқа тұрмысқа шығады. Өмірден өткенше Созақ ауылында ұлы Бегалының қолында тұрды.

Жоғарыда таратып айтқан Амандықтың інісі Амангелді көнші, шебер-

уақытта Түркістан үлкен білім мен ғылымның ордасы болған. Алайда жаңа өкімет орнап жаңалық жаршы болып жатқанда елде қалуды ұйғарып, кейін Ленин (Қарағұр) колхозында төраға болып қалады. Кейін бір түнде халық «жауы атанып» Сібірге, қазақша айтқанда Итжеккенге айдалады. Сонда Түркістанда жүрген кезінде Якуда өмірге келіп нәрестенің есімін қою нәсібі Смайылға бұйырғанда Якуда (құран тілінде-Я, құдай) деп жолаушы кісіден сәлем айтып жібереді. Әлгі кісі елге келген соң аманаттап айтқан есімді ұмытып қалыпты. Содан қайыра хабар жіберіп, сәбидің есімін қағазға жазып жіберген екен. Смайыл Созақ өңірінде есімі елге белгілі кісі болған. Кейін сол Итжеккенде бірге болған созақтық бір өзбек ағайын, бір үйде ауызашарда отырып: «Сол аты өшкір Итжеккеннен аман-есен келуіме Смайыл нағашымның көп көмегі тиді. Менің де анам қазақ қызы, оның ішінде тарақты руынан еді. Ол кісі абақтыда балық қоймасының меңгерушісі болып, жырымшылап қамалып жатқан мұсылмандарға

балық әкеліп беретін. Бірақ кейін нағашымнан қалай ажырап қалғанымды білмедім. Кейін әйтеуір итшілеп елге аман сау оралдым» деген әңгімесін көпшілік отырған жерде айтқан екен.

Якуда 1967-1976 жылдар аралығында Созақ аудандық еңбекшілер депутаттары атқару комитетінің мәдениет бөлімін басқарды. Тәуірбала анамыз ескі сөздерді, жер-су атауларының тарихын жетік білетін кісі екен. Үйіне қонып өткен кісілердің сөздерін құлағына құйып өскен құймақұлақ жан болыпты. Жетіқоңыр, Байқоңыр, Арқа, Бетпақ дала төсіндегі жолдарды көзін жұмып тауып барады екен. Ескі ата жолын, қазақы салт-дәстүрді өте жетік біледі. Әкесімен бірге қаршыға қайырып, ұшырып кейде аңға шыққанда қанжығасына он шақты қоянды өңгеріп қайтады. 1932-34-ші жылдары болған аштықта қаршығаның арқасында аман қалған екен. Әулеттегі қыздардың, қайын сіңлілерінің жасауларын өзі дайындайтын шебер кісі болған екен.

Міне, осындай тұлғалардан туылған Якуда атамыз бүгінде көзі тірі болғанда 90 жаста болар еді....

Сазгер Якуда атамыз жалындаған жастық жылдары, дәлірек айтқанда 1967-1976 жылдар аралығында Созақ аудандық еңбекшілер депутаттары атқару комитетінің мәдениет бөлімін басқарады. Кезінде өнердің бүгінгі озық үлгісі-ұлттық хор капелласын өмірге әкелген. Бұл хордың тұрақты жұмыс істеуіне кезінде облыстық партия комитеті мен Мәдениет министрлігі көмектесіп, үнемі қолдау көрсетіп отырған. Алаш аспанында әуелеген әйгілі «Қаратауым» әнінің авторы. Сазгер әндерінің 20-сы Қазақ радиосының «Алтын қорына» енген. Якуда Амандықов-Созақ ауданының Құрметті азаматы. Есімі ерекше тұлға бар шығармашылықтағы мәнді ғұмырын Алматы қаласында өткізді. Сол елге келген соңғы сапары екен ғой. Бізбен қимай қоштасты. Менің телефон нөмірімді алып қалды. Алматыға бара салысымен артынша ұлы Қайрат бауырымыз қайтыс болды. Артынша екі-үш ай уақыт салып 2021 жылдың 11 қазаны күні қазақ ән өнеріне, мәдениетіне еңбек сіңірген, ұлағатты ұстаз, ғалым, абыз ақсақалы Якуда Амандықов 86 жасында өмірден озды. Якуда көкеміздің биыл 90 жылдық мерейлі мерекесі. Бұл шараны ауданымыз өз деңгейінде атқарды деген ойдамын. «Мерей тауым, мекен тауым» деп өзі әнге қосқан қарт Қаратауы тұрғанда Якуда есімі өшпек емес...

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**



**Суретте: отырғандар Тәуірбала апа мен қайынысы Абзал, түрегеп тұрғандар Якуда мен жұбайы Перне**

көкеміз туылған. Тәуірбала анамыз тарақты Рысбайдың үлкен ұлы Амандыққа он алты жасында тұрмысқа шыққан екен. Амандық, Амангелді, Смайыл бір атаның балалары еді. Амандық атамыз құсбегі, аңшы кісі болған екен. Амандық пен Тәуірбаладан он үш бала болған. Содан тірі қалғаны Күләнда, Қыздығой (1925),

қолөнерші кісі болыпты. Ол кісінің илеген көнін алыс-жақыннан тапсырыспен келгендер талап екетеді екен. Түркістанда оқыған төрт жылдың ішінде көптеген талапты балалардың арасынан екі бала-Нұрманұлы Мақұлбек пен Рысбайұлы Смайыл, екеуі ерекше көзге түсіп, парсы еліне білімін жалғастыруға куәлік алады. Ол

| 2024 жылғы қаңтар-желтоқсанға Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы  |                                |                                                |
|------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------|------------------------------------------------|
|                                                                              | 2024 жылғы<br>Қаңтар-желтоқсан | 2024 жылғы<br>қаңтар-<br>желтоқсанға,<br>%-бен |
| <b>Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер</b>                                 |                                |                                                |
| Халық саны, адам (2024 жылғы 1 желтоқсанға)                                  | 63 034                         | 99,6                                           |
| Туылғандар, адам                                                             | 1 324                          | 93,1                                           |
| Өлгендер, адам                                                               | 288                            | 93,2                                           |
| Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)                                      | 2 114                          | 157,9                                          |
| Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)                                       | 3 321                          | 154,7                                          |
| <b>Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу</b>                                      |                                |                                                |
| Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2024 жылдың III тоқсаны              | 19 415                         | 104,4                                          |
| Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге 2024 жылдың III тоқсаны | 497 442                        | 115,7                                          |
| <b>Ұлттық экономика</b>                                                      |                                |                                                |
| Негізгі капиталға инвестициялар, млн.теңге                                   | 167 503,1                      | 179,5                                          |
| <b>Сауда</b>                                                                 |                                |                                                |
| Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге                             | 5 872 378                      | 106,8                                          |
| Көтерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге                                     | 1 177 324                      | 106,1                                          |
| <b>Экономиканың нақты секторы</b>                                            |                                |                                                |
| Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі,мың теңге                          | 665 754 988                    | 110,7                                          |
| Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге (мәмір)      | 16 438,7                       | 99,1                                           |
| Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге                                      | 22 484,7                       | 160,9                                          |
| Іске қосылған тұрғын үйлер, м <sup>2</sup>                                   | 22 766                         | 100,8                                          |
| <b>Қаржы жүйесі</b>                                                          |                                |                                                |
| Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге                              | 615 905,1                      | 287,2                                          |
| Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге                   | 407 838,4                      | 129,1                                          |
| Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге                                           | 336 731,5                      | 227,2                                          |

## Жарамсыз деп танылсын

«Шолаққорған-Су» мекемесінің иелігіндегі «Mitsubishi Pajero» маркалы автокөлігінің (KZ 553 AX/13 мемлекеттік тіркеу белгісі) «техникалық төлқұжаты» жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

# Жемқорлықтың жолын кесу-азаматтық парыз

Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады.

Пара дегеніміз не? Бұл лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы.Сыбайлас жемқорлық - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың және оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өкілеттіліктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаға мүлктік игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалану, игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы параға сатып алу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл - субектінің өз өкілеттіліктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп тексеру, және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - бұл үшін заңда әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы әрекет не әрекетсіздік. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік әрбір Қазақстан азаматының ұстанымына, адалдық пен сатылмаушылықтың мінез құлқы нормасына айналуды тиіс.

Әрбір Қазақстандағы отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бүкіл қоғамның ісі екенін түсіну керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру өскелең ұрпақтың жұмыс қағидастында маңызды рол атқарады. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде сезіну және қабылдау қоғамымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендігінің негізі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық тамыры тереңге бойлаған індет. Қолында билігі бар азаматтар сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл болып, өзгелерге үлгі болуды тиіс.

**Біржан АЛШЫНБЕКОВ,**  
**Созақ аудандық статистика басқармасының жетекші маманы.**

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан

қықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазым-

қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талапта-

# Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу!

зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құ-

ды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың жұмыстарының,жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік

рын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі-ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Х.ОСПАНОВ,**  
**Созақ аудандық СЭББ басшысы.**

## Шөлді даланың қасиетті өсімдігі

Сексеуіл құмды шөлдің қорғаны болып табылады. Олай дейтініміз құмды бөкітіп ұстап тұрады. Сексеуілдің жас өскіндері түйеге, қойға жақсы азық. Оның себебі жас бұтақ жапырақтың қызметін атқаратын болғандықтан құрамында малға қажетті барлық органикалық заттар болады және көп суы бар. Бұл малға бір жағынан азық болса, екіншіден сусын. Сексеуіл шөлдің тірі қазба байлығы болып табылады. Оның себебі отқа жаққандағы қызуы жағынан нағыз қазба байлық тас көмірден кем түспейді. Сексеуіл күлінен сақар (тыңайтқыш) өндіріледі. Сексеуілдер қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтап тұруда ерекше орны бар. Дүлей соққан желден құм көштерін тоқтатады. Сексеуілдерді қорғаныш ететін жан-жануарлар мен жәндіктер қаншама. Әсіресе тұз тағылары киіктерге сексеуілдер арасы өсіп өнулеріне өте қолайлы. Қазақстанда қолданылуы мен жойылуы. Қазірге дейін жұрт сексеуілдерді отқа тамызық ретінде пайдаланатын. Нарықтық қатынастың алғашқы жылдары бұл жағдай күрт өзгерді. Көмірдің жетіспеушілігі мен қымбаттаушылығы елді мекендерде тұратындарға ауыр тиіп, сексеуілді таза отын ретінде қолдана бастады. Бұрын ауыл іргесінде өсетін сексеуілдерді қазір өлу, алпыс шақырым қашықтықтардан ғана көре аламыз. Сондықтан да табиғат анамыз сыйын қадірлей білейік.

**Арнұр ТЫНЫШТЫҚБАЙ,**  
**Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетшісі-қорықшысы.**

## Сексеуіл заңмен қорғалады

Қазіргі уақытта Үкімет тарапынан табиғат байлығын қорғау және оны молайту үшін аса мән беріліп отыр. Әсіресе сексеуілді қорғап, баптау басты назарда. Жақында ғана мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл ормандарында ағаш кесуге тиым салу туралы ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 30 қазандағы №260 бұйрығына сәйкес сексеуілді сындырып, отауға 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін тиым салынды. Осы Қаулыны негізге ала отырып, біздер орман шаруашылығы қызметкерлері аудан көлеміндегі мемлекеттік орман қорын өрттен табиғат заңдылықтарын бұзудан қорғау, оны халық игілігіне тиімді пайдалануды негізгі міндетіміз деп білеміз.

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек»-деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауынды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға ықтасын пана беріп, жейтін азық болатынын естен шығармайық.

Табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ауданымыздағы мол байлық орманды көздің қарашығындай сақтаған абзал.

Сонымен қатар орманды бей-берекет бүлдіруге жол бермеуге тиіспіз. Табиғат аясында қыдырған, демалған кезде қалдықтарды далаға бей-берекет тастау дұрыс емес.

Айналамыздың көрікті болуы бәрімізге байланысты. Тоғай-ормандарды өрттен қорғау-басты назарда болуы міндетті.

Орман өртін болдырмау өз қолымызда жерлестер!

**Талғат СӘДУОВ,**  
**Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетшісі-қорықшысы.**

## “БЖЗҚ” АҚ-2024 жылдың 11 айында 40 миллионнан астам қызмет көрсетті

01.01.2024ж. бастап 31.11.2024ж. дейінгі уақыт аралығында “Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры” АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) халыққа 40,3 млн астам қызмет көрсетті. Қызметтердің жалпы санының 21,6 млн астамы электрондық форматта көрсетілсе, шамамен 17,1 млн қызмет автоматты түрде атқарылды. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтан көрсетілген қызметтердің үлесі операциялардың жалпы санының 97,4% тең болды. Күндізгі форматта 1,0 млн астам қызмет көрсетіліп, оның ішінде тікелей Қор кеңселерінде шамамен 1,0 млн қызмет ұсынылды.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының (ЖМЗЖ) енгізілуіне, сондай-ақ, “Ұлттық қор-балаларға” бағдарламасы шеңберінде нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтарды есепке алу және есептеу бойынша БЖЗҚ қызмет ауқымының кеңеюіне байланысты автоматты режимде көрсетілетін қызметтер саны өсті. Әсіресе, нысаналы талаптарға қатысушылар үшін шоттар (ЖЗШ/ШЗШ/НЖШ) мен карта ашу ерекше серпін бергенін байқауға болады. Естеріңізге сала кетсек, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

АИТВ-инфекциясы—адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтыру нәтижесінде пайда болатын баяу үдемелі дамиды. Вирус адамның иммундық жүйесіне әсер етеді, нәтижесінде ағза әртүрлі инфекцияларға (бұрын ауруды тудыруы мүмкін емес (оппортунистік инфекциялар — бактериялық пневмония, адам папилломавирусы, кандидоз, герпес зостері және т.б.)) және қатерлі ісіктерге өте сезімтал болады, нәтижесінде науқасты өлімге әкеледі. ЖИТС (жүре пайда

**Аурудың негізгі клиникалық белгілері**  
Инкубациялық (жасырын) кезең 2-3 аптадан 3 айға дейін созылады. Содан кейін жұқтырған адамдардың үштен бірінде аурудың өткір кезеңі дамиды (қызба, тамақ ауруы, лимфа түйіндерінің ісінуі, мүмкін бөртпе, жалпы әлсіздік), ол 2-4 аптадан кейін емделусіз өтеді. Жұқтырған адамдардың 2/3 бөлігінде бұл кезең жасырын түрде өтеді. Осыдан кейін ұзақ уақыт бойы аурудың клиникалық белгілері болмауы мүмкін

алу үшін:  
-кездейсоқ жыныстық қатынастан аулақ болыңыз;  
-кез-келген жыныстық қатынас кезінде жоғары сапалы презервативті қолданыңыз.  
АИТВ-ның парентеральды берілу жолының алдын алу үшін:  
-есірткі заттарын пайдаланудан бас тарту;  
-маникюр/педикюр/пирсинг/татуировкаға арналған қайта пайдалануға болатын құралдарды дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып,

## АИТВ жұқпасының алдын алу шаралары

болған иммундық тапшылық синдромы) — аурудың соңғы немесе терминалды сатысы.  
Инфекция көзі—вирус жұқтырған адам, вирус тасымалдаушы немесе ЖИТС-пен ауыратын адам. Вирус тасымалдаушылар көбінесе жұқтырғанын білмей, өздерін сау деп санайды, өйткені оларда бірнеше жыл бойы ауру белгілері болмауы мүмкін.  
**Инфекцияның берілу жолдары:**  
-жыныстық қатынас кезінде (көптеген жыныстық қатынастары бар, әсіресе кездейсоқ немесе бейтаныс серіктестермен);  
-парентеральды (қан арқылы) берілу: ластанған қанды құю кезінде немесе қанмен ластанған құралдар арқылы, түрлі инъекциялар жүргізген кезде (әсіресе нашақорлар арасында көк тамырға есірткіні енгізген кезде).  
-жүктілік және босану кезінде вирустың анадан балаға берілуі мүмкін.

(вирус тасымалдаушы). Содан кейін дәрігерлер адамда АИТВ-инфекциясы бар деп күдіктенуге мүмкіндік беретін бірқатар клиникалық белгілер пайда болады. Орташа алғанда, инфекцияның басынан бастап АИТВ-инфекциясының соңғы сатысына дейінгі мерзім 10-15 жылға созылуы мүмкін. Бірақ кейбір жағдайларда ауру бірнеше ай ішінде ЖҚТБ-ға айналады. Өлімнің бірден-бір себебі—оппортунистік инфекциялар және Капоши саркомасы, ал АИТВ/ЖИТС-ауруы бар нашақорларда туберкулез ауруы да болуы мүмкін.  
АИТВ диагнозы арнайы қан анализінің нәтижелері бойынша қойылады, ол көп жағдайда инфекцияны жұқтырғаннан кейін 3 ай аралығында нәтиже береді. АИТВ-инфекциясына тексеруді жасырын түрде жүргізуге болады.  
**АИТВ инфекциясының алдын алу шаралары**  
Жыныстық қатынас кезінде АИТВ инфекциясының алдын

өңдеуден өткізу;  
- қан кету кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету үшін резеңке қолғапты қолдану және терінің ашық жерлерін және көздің шырышты қабығын қанның түсуінен қорғау қажет, қанның кез келген қан инфекциямен қауіпті деп саналуы тиіс.  
**АИТВ-ның вертикальді (анадан балаға) берілу жолының алдын алу:**  
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес әрбір жүкті әйел АИТВ-инфекциясына тексеріле алады. Егер ағзада вирус табылса, оған жатырылу инфекцияның алдын алу үшін арнайы дәрі-дәрмектер тағайындалады. Есіңізде болсын, әркім өзі шешім қабылдайды және өз өмірі үшін іс - әрекеттеріне өзі жауап береді.

**К.ӘБІШБЕКОВ,  
«Созақ аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК иммунолог дәрігері.**

## Бруцеллез ауруы

Бруцеллез-жануарлар мен адамның созылмалы ауруы. Ауыл шаруашылығы жануарлары бруцеллезбен ауырған жағдайда жиі кездесетін белгілер: іш тастау (буаздықтың екінші жартысында), іріңді, кейін фибринозды эндометрит, маститтің дамуы салдарынан қағанақтың кідіруі, аналық бездің және фаллопий жатыр түтігінің зақымдануы. Аталық малда орхит және эпидидимит түрінде сипатталады.  
Бруцеллез — адамдарға жануарлардан берілетін зоонозды ауру. Бұл ауру адамға ауылшаруашылық малдарынан жұғады. Инфекция көзі бруцеллезбен ауыратын жануарлар қой, ешкі, ірі мүйізді мал, шошқа болып табылады. Адамдар үшін ең қауіптісі—қой-ешкі малы. Бруцеллез қоздырғыштары сыртқы ортаға аса төзімді келеді. Мәселен, бруцеллалар әдеттегі температурада шикі сүтте 10 күннен 18 күнге дейін, мұздатылған етте—47 күннен аса, жүнде—4 айға дейін, ағынды суда—12 күнге дейін, топырақта және қида— 4 айға дейін сақталады. Залалсыздандыру заттарының және жоғары температураның әсерлерінен бруцеллез қоздырғыштары тез өледі.  
Адамдар ауру жануарларды бағып-күтуде, сою кезінде, же-

ке бастың алдын алу шараларын сақтамағанда, олардан алынатын шикізаттарды өңдеуде және тамаққа шикі сүтті және одан дайындалған өнімдерді, жеткіліксіз қайнаған етті пайдаланғанда жұқтырады.  
Шаруашылықта ауру табынға басқа жануарларды қосқаннан кейін, мал басын карантиндеу қағидаларын сақтамаған кезде, сау жануарлар мен ауру жануарларды бірге баққан, инфекцияланған су көздері мен мал айдау жолдарын пайдаланған кезде ауру жұғуы мүмкін. Шаруашылыққа қоздырғышты иттер, кеміргіштер, егеуқұйрықтар әкелуі мүмкін, әсіресе қағанақ пен іш тастағанда түскен ұрық жатқан жерге кіре алған жағдайда әкеледі, сондай-ақ аурудың клиникалық көрінісі жоқ қолайсыз табындардың төлдері арқылы да таралады.  
**Алдын-алу шаралары:**  
Бруцеллезді жұқтыруды болдырмау үшін, әрбір адам келесі ережелерді қатаң сақтауы қажет:  
-жыл сайын малдарды бруцеллезге тексеруден өткізу;  
-малда түсік тастау жағдайын тез арада мал дәрігеріне хабарлау;  
-балаларды бруцеллезге тексерілмеген малдарға күтім жасауына, олардың төлдерімен ойнауына жол бермеу;  
-мал күтіміне кіріспес бұрын, арнайы киім кию;  
-бұл киімдермен тұрғын үйге

кірмеу;  
- ауру мал тұрған қораларда тамақ ішпеу, темекі шекпеу;  
-мал дәрігерінің алдын-ала қарауынсыз малды союға жол бермеу;  
-малды союды аулада емес, мал сою пункттерінде жүргізу;  
-жеке адамдардан мал сатып алғанда малдәрігерінің рұқсат қағазын талап ету;  
- ет және сүт өнімдерін қатаң белгіленген орындардан алу (базарлар, дүкендер, үлкен сауда нүктелері). Сондай-ақ мал қожайыны малдағы іш тастаудың, төлдің өлі туылуының әрбір жағдайын малдәрігерлеріне хабардар етуге міндетті.  
-Аурудың таралуына жол бермеу мақсатында жылына екі рет бруцеллезге диагностикалық тексеру жүргізіледі.  
-Бруцеллез бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібіне сәйкес мал иелері ауру жануарларды басқа жануарлардан оқшаулап, күнтізбелік 15 күннен аспайтын мерзімде ет комбинаттарына немесе сою пункттеріне санитариялық союға өткізуге міндетті. Малды санитариялық союға өткізгеннен кейін, ауру мал тұрған қораны ветеринариялық қызмет мамандары дезинфекциялау үшін қи мен жемшөптен тазарту қажет.

**Е.АНАРБАЕВ,  
Созақ ауданы филиалының эпизоотолог маманы.**

## «Тұрмыс» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде

Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында жасалатын қылмыстардың алдын алу мен жолын кесу мақсатында 2025 жылдың 20-29 қаңтар аралығында «Тұрмыс» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.



Іс-шараның негізгі мақсаты—«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» және «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңдарының талаптарын орындау мақсатында аудан көлемінде отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды ескерту және алдын алу. Сонымен қатар, қылмыс пен құқық бұзушылыққа бейім тұлғаларға қатысты қорғау нұсқамасын шығару және ерекше талап белгілеу. Одан бөлек, іс-шара аясында профилактикалық есепте тұратын адамдармен жұмыс ұйымдастырылып, ақпараттық-насихаттау жұмыстарын атқару.

**Айжан МАНАПОВА,  
Созақ АПБ ЭЗЗҚТ инспекторы, полиция майоры.**

## Түзетіліп оқылсын

2024 жылдың 28 желтоқсаны №95 (9262) санында жарияланған Қазақстан Республикасы «Жер кодексінің» 43-1 бабына сәйкес Түркістан облысы, Созақ ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін жалға беру жөніндегі конкурс жарияланған. Конкурс арқылы жалға берілетін жер учаскелерінің тізімі бойынша кестеге түзетулер енгізілсін.  
12 ші лотта 703 га жер учаскесінің орналасқан жері, Созақ ауыл округі -Қарақұр ауыл округі;  
17 ші лотта 500 га жер учаскесінің орналасқан жері, Созақ ауыл округі -Жартытөбе ауыл округі;  
18 ші лотта 500 га жер учаскесінің орналасқан жері, Созақ ауыл округі -Жартытөбе

ауыл округі;  
22 ші лотта 3000 га жер учаскесінің орналасқан жері, Сызған ауыл округі - Қаратау ауыл округі;  
32 ші лотта 3480 га жер учаскесінің орналасқан жері, Қарақұр ауыл округі - Қаратау ауыл округі;  
53 ші лотта 300 га жер учаскесінің орналасқан жері Шолаққорған ауыл округі - Жартытөбе ауыл округі деген сөзбен ауыстырылып түзетілісін.  
Жер учаскесінің 14ші (10га), 15ші (5га), 28ші (2560га), 29шы (1000га), 31ші (1600га), 36шы (742,5га), және 47 ші (2939 га) лоттар тізімнен алынып тасталынсын.

**Аудандық жер қатынастары бөлімі.**

## Хабарлама

Бруцеллезді жұқтыруды болдырмау үшін, әрбір адам келесі ережелерді қатаң сақтауы қажет:

-Жыл сайын малдарды бруцеллезге тексеруден өткізу;  
-Малда түсік тастау жағдайын тез арада мал дәрігеріне хабарлау;  
-Балаларды бруцеллезге тексерілмеген малдарға күтім жасауына,  
- Мал күтіміне кіріспес бұрын, арнайы киім кию;  
-Жұмысты аяқтағаннан кейін қолды сабынмен мұқият жуу;  
-Ауру мал тұрған қораларда тамақ ішпеу, темекі шекпеу;  
-Мал дәрігерінің алдын-ала қарауынсыз малды союға жол бермеу;  
-Малды союды аулада емес, мал сою пункттерінде жүргізу;  
-Жеке адамдардан мал сатып алғанда мал дәрігерінің рұқсат қағазын талап ету;(яғни олардың бруцеллез ауруына тексерілгендігі жөнінде малдәрігерлік құжаты;  
-(ветеринариялық анықтама) -басқа жақтан әкелінетін мал бақылауға алынып, бруцеллезге қайталап тексеріліп, малдың сау екендігіне көз жеткізгеннен кейін басқа малдарға қосып бағуға рұқсат ету);  
- Ет және сүт өнімдерін қатаң белгіленген орындардан алу (Ветеринариялық зертханада тексерілген).  
-Малдағы іш тастаудың, төлдің өлі туылуының әрбір жағдайын мал дәрігерлеріне хабардар етуге міндетті.

Сенімгерлік басқарушы:  
**"Agro-sozak" ЖШС**  
**Меншік иесі-**  
**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
**жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**  
**Директор:**  
**Абилпаттаев Ержан Бакытжанович**

**Бас редактор:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**Сайлаубекұлы**  
**Жауапты хатшы:**  
**Мақсат Қарғабай**  
**Редакция құрамы:**  
Аға тілшілер-  
**Нұржанай МАЙУСОВА**  
**Данияр БЕКОВ**  
Тілшілер-  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терімші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**  
Фототілші-  
**Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.  
Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттігін және желілік басшылығымен есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы  
**Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады**  
**Индекс 64450**  
**Редакцияның мекен-жайы:** 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97  
А-ақысы төленген

**тапсырыс № таралымы - 3200 дана**  
**Кезекші редактор:**  
М.Қарғабай.